Ұлттық бірыңғай тестілеу – оқушылар үшін ең маңызды кезең. Себебі ҰБТ оқушылардың орта білімін жалпы бағалау көрсеткіші болып табылады. ҰБТ кезінде оқушыларға бір балдың жетпей қалуы оқушы үшін үлкен психологиялық дағдарыс болып табылады. Осыған орай біздің тарапымыздан ҰБТ ға дайындау жөнінде психологиялық қолдаудың мақсат, міндеттерінің орындалуын басшылыққа алуымыз қажет. Психологиялық көмек көрсетудің мақсаты: Сыныптағы ұйымшылдықты, бірлесуді дамыту, психологиялық және дене қатаюынан, күштенуінен арылту, бітірушілерге өз күштерін тексеруге, өзін терең білуге көмектесу, жағымды көңіл-күй қалыптастыру және өнімді іс-әрекетке кедергі келтіретін мінез-құлқын өзгертуге көмектесу.

11 сынып оқушыларына психологиялық көмек ретінде, сауалнамалар алынып, ұсыныс берілді.

**Қаулы етілді:** Мектеп түлектерінің ҰБТ алдындағы стрессті жеңуге үйрету, қатаюдан арылу шаралары уақытылы жүргізіліп тұрылсын.

*Жиналыс төрағасы:* **Б. Махамбет**
**Хатшысы:** **А. Махамбет**

# Хаттама

№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінде 2023 – 2024 жылдың қараша айында мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларына психологтың ұйымдастыруымен , «Оқушылар арасында аутодестурктивті мінез – құлықтың алдын алу » тақырыбында баяндама оқылып, видио ролик көрсетілді.

**Жиналыс төрағасы:** *Ж. Сабирова*

**Хатшысы:** А . Қыстаубаев

**Қатысқандар:** *МДТІЖО – Ж. Сабирова, Педагог – психолог, 11-сынып жетекшісі С. Бектұрсынова , 8 сынып жетекшілері, 9-10 сынып жетекшілері және 8-11 сынып оқушылары.*

## Күн тәртібі:

1. «Зиянды әдет – қоғамдық және аутодеструктивтік мінез – құлықтың алдын алу » тақырыбында баяндама, видиоролик көрсету.

**Хабарламашы:** *Педагог – психолог Махамбет б*

**Тыңдалды:**

Психолог: Қазіргі қоғамымызда салауатты өмір салтына деген саналы көзқарас темекі шегу, спирттік ішімдікке салынудың, есірткі қолданудың көбеюіне себепкер болып отыр. Спирттік ішімдіктердің, есірткі мен темекінің адам өміріне зиянды екені белгілі.

Денсаулығы әлсіз, білімі төмен, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз жастары бар ел қашанда әлсіз, қорғансыз. Жастар болашақ, ертеңгі қоғамның, қала берді отбасының иелері. Сондықтан оларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, олардың осы дәстүрді дәріптеуші болып қалыптасуына бағыт беру қажеттігі білім беру мекемелерінің соның ішінде орта мектептің алдында тұрған педагогикалық проблемалардың бірі. Еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Тәрбие –қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың саналы тәртібі мен байыпты мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Медициналық статистика деректері бойынша, әлемде шылымнан жыл сайын екі жарым миллион адам өледі. Темекі тартатын адамның жасы орташа 10-12 жылға қысқарады. Шылым шегуден жиі өкпе, жүрек, асқазан, бүйрек зақымданады. Егер адам 15 жасында шылым шеге бастаса, онда қатерлі ісікпен ауыру қаупі 15 есе, 25 жаста 3 есе артады, ал шылым шегу өтілін үш есе көбейту қатерлі ісікпен ауыру қаупін 100 есе көбейтеді. Жүрек тамырлары ауруларынан өліп қалу қаупі темекі тартатындарда тартпайтындарға қарағанда екі есе. Темекі тарту әйел организміне және болашақ ұрпаққа өте зиян, бала анасының құрсағында бола тұра зақымданады. Шылым шегетін әйелдер тез қартаяды, олар бет реңін жоғалтады, тері күңгірттеніп, саршыл-сұр колоритке ие болады, дауыстары жуандай

бастайды, оларда кеуде қысымы жиі болады, үнемі азартты жөтел, қақырық пайда болады және нәтижесінде созылмалы бронхит және өкпе эмфемизмі дамуы мүмкін. Айтпақшы, бұл сырқаттар әрбір шылым шегушіге тән. Сонымен қатар, шылым шегетіндердің шашынан үнемі темекінің иісі шығып тұрады, олардың «тістері сарғайып кеткен», саусақтарында сары дақтар бар, аузынан шылымның иісі шығып тұрады, терілері ақшыл немесе қоңыр түсті дақтарымен құрғақ болады. Мұндай іздер адамның ішкі органдарында (өкпе, кеңірдек тамыры, жүрек және т.б.) да байқалады.

**Қаулы етілді:** Оқушыларды зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

**Жиналыс төрағасы: Ж. Сабирова**
**Хатшысы: А. Кыстаубаев**

# Хаттама

№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың қараша айында мектебіміздің 5 сынып оқушыларына психологтың ұйымдастыруымен , «5 сынып оқушыларының мектеп өміріне, оқу әрекетіне бейімделуі» тақырыбында ата – аналарға, пән мұғалімдеріне баяндама оқылып, кеңес берілді.

**Жиналыс төрағасы:** *Ж. Сабирова*

**Хатшысы:** А. Кыстаубаев

**Қатысқандар:** *МДТІЖО – Ж. Сабирова , Педагог – психолог, 5а – 5ә сынып оқушыларының ата – аналары және пән мұғалімдері.*

## Күн тәртібі:

1. «5 сынып оқушыларының мектеп өміріне, оқу әрекетіне бейімделуі» тақырыбында ата – аналарға, пән мұғалімдеріне баяндама оқылып, кеңес беру

**Хабарламашы:** *Педагог – психолог Махамбет Б*

**Тыңдалды:** Оқушыларды орта буынға бейімдеу - қиын да күрделі іс. Бастауыш сынып оқушыларының орта буынға өтуі – қазіргі күнге дейін мектептің актуальді мәселесі болып келеді. Бұл кезең – оқушылар үшін де, ата-аналары үшін де, оларды 4 жыл бойы оқытып, аялап келген ұстаздары үшін де, оларды енді қанатының астына алғалы отырған мұғалімдері үшін де – ең бір жауапты да қиын кезең. Сондықтан бұл кезеңді бала өміріндегі ең алғашқы өтпелі кезең деуге болады. Бұл қиындық жас ерекшелігіне байланысты жүктемелердің көбеюі, яғни 5-сыныпта оқу жүктемесі, оқу жағдайы күрт өзгеретіндігімен түсіндіріледі. Оларға негізгі пәндерден бастауыш сыныпта бір-ақ мұғалім сабақ берсе, орта буында көптеген мұғалімдермен қарым-қатынасқа түсуге тура келеді, кабинеттік жүйе де балаларға өз ауыртпалықтарын салады, салмақты сөмкелерін арқалап, қабаттан-қабатқа жүгіріп жүру де 10-11 жастағы балалар үшін жеңіл шаруа емес. Сондай-ақ, мұғалімдердің сан алуандығымен қатар, олардың қояр талаптарының әртүрлілігі, бір мұғалімнің бала жанын түсініп, қамқор болуы, бір мұғалімнің шектен тыс қатал, талапшыл болуы, кейбір мұғалімдердің дауыс көтеруі – бәрі орта буынға жаңа келген бала үшін қиындық туғызары хақ, осы жайлардың бәрі жас жеткіншек психикасына оңай емес. Ғалымдардың айтуы бойынша, кейбір балалар бұл кезеңнен онша қиналмай өтсе,яғни 4-5 аптадан соң, көпшілігі 2-3 айға дейін немесе 5-сыныпты бітіргенше, ал тағы біразының осы кездегі алған әсерлері салдарынан бейімделу орта мектепті бітіргенше сақталады екен. Міне, осы балалар назардан тыс қалмауы керек деп ойлаймын. Бейімделу кезеңінде балалар шектен тыс сезімтал, сылбыр немесе керісінше, шамадан тыс шулы, беймаза болып өзгерулері мүмкін. Олардың жұмысқа қабілеттері төмендеп, есте

сақтау қабілеттері нашарлауы, кей жағдайда ұйқысы, тамаққа тәбеттері төмендеуі мүмкін. Сабаққа деген қызығушылықтары төмендеп, оқу үлгерімдері нашарлауы мүмкін, құрдастарымен қарым-қатынастары бұзылатын жағдайлар да орын алуы кездеседі. Мұндай функционалдық ауытқулар оқушылардың шамамен 70-80% -на тән. Өзгермелі білім беру жағдайында оқушылардың зияткерлік және тұлғалық дамуына қойылатын жоғары талаптар, белгілі бір пәндерді игеруге деген, өзін-өзі реттеуге қойылатын талаптар тағы бар. Дегенмен оқушылардың даму деңгейі әрқашан бірдей бола бермейді. Кейбіреулерінде ол болашақтағы білім алу жағдайы талаптарына сай болса, кейбіреулерінде ол қаже
Психолог:

**Қаулы етілді:** Оқушыларды зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

**Жиналыс төрағасы:** **Ж. Сабирова**
**Хатшысы:** **А. Кыстаубаев**

# Хаттама

№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінде 2024 жылдың 25 қаңтарында мектебіміздің 11 сынып оқушыларына психологтың ұйымдастыруымен , мамандық таңдау бойынша кәсіби дайындық жүргізілді.

**Жиналыс төрағасы:** *Н.Нұрымбетова*
**Хатшысы:** А. Кыстаубаев
**Қатысқандар:** *МДТІЖО – С.Бектұрсынова , Педагог – психолог, 11-сынып жетекшісі С. Бектұрсынова, 11 сынып оқушылары.*

## Күн тәртібі:

1. «Кәсіптік өзін анықтау» тақырыбында рөлдік ойын ұйымдастыру

**Хабарламашы:** *Педагог – психолог Махамбет Б*
**Тыңдалды:**
Психолог: Қазақтың ұлы ақын , жазушысы дана Абай атамыз «Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тапта бар қалан» демекші, мамандық бұл адам өмірінің ажырамас бір бөлігі. Мамандығын дұрыс таңдап, халқына адал қызмет жасаған адам, дүниеде кетігін тапқан кірпіш пен тең. Осыған орай әр түрлі сала бойынша оқушылар арасында өзіні қандай кәсіпке лайық санаса сол кәсіптің рөлдік ойынын ұйымдастырып, оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлай білді.

Бір жағынан қарасаңыз, мамандық таңдау дегеніміз - сіздің болашаққа деген көзқарасыңызды білдіреді. Ал екінші жағынан қарасаңыз, мамандық таңдау барысында өзіңіздің ішкі дүниеңізге үңілесіз, яғни мамандық таңдау барысында өзіңіздің ішкі дүниеңізге үңілесіз, яғни өзіңіздің күшті және әлсіз жақтарыңызға көңіл бөліп, табысқа жету үшін не істей алатыныңызға, сонымен қатар өзіңізге не қажет екендігіне мән бересіз.

**Қаулы етілді:** Мектеп түлектерінің кәсіп таңдауына психолог тарапынан уақытылы іс шаралар жүргізіліп тұрылсын

**Жиналыс төрағасы:** **Н. Нұрымбетова**
**Хатшысы:** **А. Кыстаубаев**

Тұрмыстық зорлық зомбылықтың профилактикасының принциптерін тұралы Баяндамалар мен тренингтер және түсіндіру жұмыстары жүргізілді 5- 11 сыныптар аралығында










Түркістан облысы Келес ауданы Білім бөліміне қарасты
№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
**« Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, мектепте және отбасында зорлық-зомбылықты, ерте жүктілікті, қатыгездік пен әлімжеттікті болдырмау, жыныстық тиіспеушілік»** тақырыбында 9-10-11 сынып оқушыларымен жүргізілген семинар тренинг жұмысының

ХАТТАМАСЫ

04.05.2023 жыл

№35 А. Оразбаева атындағы
жалпы орта мектебі

Ұйымдастырған: Махамбет Б
Қатысушылар: 34

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кіріспе сөз (Қыздар төрайымы Қарымбаева Б);
2. Баяндама: « Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, мектепте және отбасында зорлық-зомбылықты, ерте жүктілікті, қатыгездік пен әлімжеттікті болдырмау, жыныстық тиіспеушілік» (педагогика-психология маманы , Махамбет Б және де Қыздар төрайымы Қарынбаева Б. );
3. Тренинг: «Суретті жалғастыр»жаттығу ( педагогика-психология әдіскері, Махамбет Б);
4. Тренинг: «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас», «От,су,ауа», «Сиқырлы қобдиша»,«Ғажайып қазына»жаттығулары(Мектеп педагог-психологі, МахамбетБ )

ТЫҢДАЛДЫ:

Кіріспе сөзді бастаған мектеп қыздар арасындағы төрайымы Қарынбаева Б және де мектеп педагог – психолог Махамбет Б ата-аналармен жүздесіп отырғанына қуанышты екенін білдіріп, бүгінгі жиынның **Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, мектепте және отбасында зорлық-зомбылықты, ерте жүктілікті, қатыгездік пен әлімжеттікті болдырмау, жыныстық тиіспеушілікке байланысты педагогикалық – психологиялық көмек беруге бағытталғандығын атап өтті.**
Отбасылық қарым-қатынастар бала өмірінде өз ізін қалдырмай қоймайды. Себебі,балалық шақта орын алған мінез-құлық моделі бала өміріндегі көптеген аспектілерінде көрініс беріп отырады. Ата-аналар балаларына өте үлкен әсер береді,сондықтан,біз,ата-аналар,отбасында үйлесімді қарым-қатынас қалыптастыруымыз қажет. Аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығу себептері мен мінез-құлықтың физиологиялық, эмоционалдық, интеллектуалдық, дүниетанымдық белгілері туралы түсіндіріп өтті. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу: тұлға аралық қарым-қатынасты жандандыру; баланы өз күші мен мүмкіндігіне сендіру;тәртібін, достарымен қарым-қатынасын қадағалау, барлық жағдайға түсіністікпен қарап, жанашырлық таныту. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары: балаға әрқашан назар аудару, түсінуге тырысу, мәселелерін шешуге көмектесу, өзіндік тәжірибемен бөлісу, ұрысу, зекіру орнына жиі мақтап,

мадақтап отыру, кешірімді болу. Аутодеструктивті мінез-құлық қазіргі қоғамның өзекті мәселесі болып табылатындығын жетік түсіндірді..

ҚОРЫТЫНДЫЛАУ :

Жарыссөзге шыққан ата-аналар мен сынып жетекшілері баяндамашыға сұрақтарын қойып қажетті жауаптарын алды. Ата-аналар төрайымы : А . Ділдабеков , 11 сынып оқушысының ата-анасы – Убайдулла Арыстан , Қарынбаев Сакен , ,8- сынып оқушысының ата-анасы – Садырбаев Сапарғали , 6-сынып жетекшісі Қалдыбек Қалмурат, ата-ана Қарынбаев Айдос баланың жүріс-тұрысы мен мінезінде өзгеріс байқалған жағдайда қандай іс-әрекетке бару керек екенін, баламен қандай жұмыс жүргізу керек екенін түсініп алғанын айтып, баяндамашыға өз ризашылықтарын білдірді.

ШЕШІМ :

1. Мектеп психологы Махамбет Б оқушылардан сауалнаманы көбейтуі керек ;
2. Ата-аналар мен сынып жетекшілерге әр баланы қадағалап, жіті назарда ұстау, олардың күнделікті көңіл-күйін бақылып отыру тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: Қарынбаева Б
Хатшысы: Махамбет Б

***№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінде «Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында сынып жетекшілер отырысы оздырылды.***

Жуантөбе,Кеңдала ауылы

12.12.2023 ж

***Ұйымдастырушылар:*** ДТІЖО Ж. Сабирова, Педагог- психолог Махамбет Б.

***Қатысуға тиіс:*** 5,6,7,8,9,10,11 сынып жетекшілері,әлеуметтік мұғалім Жамантаева Н,мектеп медбикесі- Қ.Төленова.

***Қатысқаны:*** 5,6,7,8,9,10,11 сынып жетекшілері, әлеуметтік мұғалім Жамантаева Н,мектеп медбикесі- Қ. Төленова.

***Күн тәртібінде:***

1. «Оқушылар қауіпсіздігін сақтау- басты міндет»
2. «Буллингтің, суицидтің алдын алуда негізгі жұмыс бағыттары»

Педагог- психолог: Махамбет Б.

Тыңдалды: ТІҰ Ж. Сабирова бүгінгі күнгі әгни, 12 желтоқсан күні Биылғы оқу жылында да оқушыларға, ата- аналарға мәдени іс- шаралар жартылай қашықтықтан ұйымдастырылып жатқандығы қиындық тудырса да шаралардың форматын өзгертіп, түрлендіре өткізу керектігі айтылды. Жалпы ата- аналарға арналған, сыныптық ата- аналар отырыстары, оқушыларға арналған іс- шаралар маңызын жоғалтпай, жартылай қашықтықтан түрлендіре өткізіп отыру керектігін баса айтып, оқушылардың түнгі рейдтік мектепшілік бақылау кестесі бойынша, одан әрі жалғастыруға, оқушылардың мұқият қадағалауға, ата- аналармен байланысты арттыра түсіп, әр оқушы назардан тыс қалмауын қадағалауды міндеттеп тапсырды және әрдайым бақылауда болатын түрлі категориялары оқушыларды (толық емес отбасылар, өгей ана мен өгей әкенің қарауындағы бала т.с.с) жіті назарда ұстау керектігі, ата- аналармен әртүрлі жағдайлардың алдын алу бойынша жаднамалар, түсінік жұмыстары айтылып, таратылып, бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде барлық жұмыстар қатаң, жүйелі жүргізілу керектігін айтып ескертті.

Педагог- психолог Махамбет Б. оқушыларды тұрмыстық, қоғамдық зорлық- зомбылықтың алдын алуда жұмыстар да мектеп әкімшілігі, сынып

жетекшілердің негізгі жұмыстарының бірі екендігіне тоқталып, осыған дейін айтылса да қазіргі таңдағы негізі тақырыптардың бірі буллинг, суицидтің, жыныстық қол жұмсаушылықтың аудан көлемінде орын алып отырғандығын айта кетіп, оқушыларды күделікті бақылап, ата- аналармен осы тақырыптар да шараларды офлайн және онлайн форматта түрлендіре өткізіп, байланыста отыру керектігі және «Сенім телефондарының» жаднамаларын осыған қоса аудандық «Сенім телефонының» жұмыс жасайтындығын, оқушыларға, ата-аналарға таратып, түсінік жұмыстарын жіті жүргізіп отыру керектігі жөнінде айтып өтті. Құқықбұзушылықтың алдын алуда полицей қызметкерілері мен ерте жүктіліктің алдын алуда ауыл медбикесімен бірлесе құрылған жоспарлар жүйелі жүргізілуін сынып жетекшілер мен ұлдар, қыздар ұйымының жетекшілеріне түсінідіріп өтті.

Осындай маңызды тақырыптар бойынша жұмыс бірлесе жұмыстанғанда ғана нәтижесін беретіндігін айтып, бірлік те, ұйымшылдықта және жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды. Өткізілген қашытықтан өткізілген жиынның шешімі қабылданып, айтылып, сұрақтар болса , кері байланысты ,өз ойларын айтып, ұсыныстар тасталып, сынып жетекшілер отырысы аяқталды.

***Қабылданған шешім:***

1.Оқушылар қауіпсіздігін басты назарда ұстап, тәрбиелік- психологиялық іс-шаралар айтылған ұсыныстар бойынша жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: Ж. Сабирова

Жиналыс хатшысы: Б. Махамбет

# Мектеп инспекторы мен бірлесе кешкі рейд пен түсіндіру жұмыстары жүргізілді












№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінде «Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында сынып жетекшілер жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Жуантөбе,Кеңдала ауылы.

08.09.2023ж

***Ұйымдастырушылар:*** ДТІЖО Ж Сабирова, Педагог- психолог Махамбет Б.

***Қатысуға тиіс:*** 5,6,7,8,9,10,11 сынып жетекшілері,әлеуметтік мұғалім Жамантаева Н ,мектеп медбикесі- Қ. Төленова.

***Қатысқаны:*** 5,6,7,8,9,10,11 сынып жетекшілері, әлеуметтік мұғалім Жамантаева Н,мектеп медбикесі- Қ.Төленова.

***Күн тәртібінде:***

1. «Оқушылар қауіпсіздігін сақтау- басты міндет»
2. .«Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жұмысын ұйымдастыру » Педагог- психолог: Махамбет Б.

Педагог- психолог Махамбет Б. Мектеп оқушылармен Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жұмыстарын алу,Эссе жазу,Әлеуметтік педагогтың мәліметтері,Медбике толтыратын тізімі «Д» – есебінде тұратын оқушылар.Сынып жетекшінің әлеуметік желілердегі талдауы,қорытынды жасап,тәуекел тобының оқушыларын анықтау.

Осындай маңызды тақырыптар бойынша жұмыс бірлесе жұмыстанғанда ғана нәтижесін беретіндігін айтып, бірлік те, ұйымшылдықта және жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды, сынып жетекшілер отырысы аяқталды.

***Қабылданған шешім:***

1.Оқушылар қауіпсіздігін басты назарда ұстап, тәрбиелік- психологиялық іс-шаралар айтылған ұсыныстар бойынша жүргізілсін.

Жиналыс хатшысы: Махамбет Б.

**№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде**
**кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен бірге өткізілген жиналысының**
**ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні : 27.09.2023ж
Қатысқандар: 23

Жуантөбе ,Кеңдала ауылы

**Күн тәртібі:**

1. **«Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»**
   ***Баяндамашы: ДТІЖО: Ж. Сабирова***
2. **«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында *: педагог-психолог Махамбет Б***
3. **Басқада мәселелер бойынша : *Мектеп тәрбие жөніндегі оранбасары: Ж. Сабирова***

**Кіріспе сөз**

Күн тәртібіндегі мәселер бойынша мектеп тәрбие орынбасары Ж. Сабирова аудан көлемінде, соның ішінде №35 А. Оразбаева жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. Ж. Сабирова жиналыстың күн тәртібі мен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады . Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Сабирова «Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТІЖО Ж. Сабирова кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепішілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан

мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

**2**. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Махамбет.Б «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қаншама бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай қайталайды. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатыр. Және сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізді.

Мектеп тәрбие орынбасары Ж. Сабирова жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болуға шақырды.

***Жиналыс шешім етеді:***

1.а) Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті бролдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

1.ә) Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Мектеп директоры: А. Бейсова

Педагог-психолог: Б. Махамбет

Ата-аналар комитетінің

төрағасы: А.Ділдабеков

Хатшы : М. Отарова

"Бала құқығы, зорлық- зомбылықтың алдын алу " барысына Ата аналармен сабақпен тренингтер жүргізілді

Сонымен қатар" Өтпелі кезең оқушылармен физикалық және жыныстық дамуы" тақырыптары өтілді













ТОП ЕРЕЖЕСІ



# Хаттама №.......

№35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінде 2024 жылдың қаңтар айында мектебіміздің 9а -9ә – 10 сынып оқушыларының ата-аналарына психологтың ұйымдастыруымен «Баланың мамандық таңдаудағы ата – ананың рөлі» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

**Жиналыс төрағасы:** *Б. Махамбет*
**Хатшысы:** А. Кыстаубаев
**Қатысқандар:** *МДТІЖО – С.Бектұрсынова , Педагог – психолог,9 - 10 сынып жетекшісілері Лесбек.Г,Абдіхаева Г,Қойташов А , 9-10 сынып ата-аналары.*

## Күн тәртібі:

1. Рефлекция дағдыларын қалыптастыру ата-аналармен жұмыс.

**Хабарламашы:** *Педагог – психолог Махамбет Б*
**Тыңдалды:**
Мектеп оқушыларының мамандық таңдауда дұрыс бағыт алу мәселесі мектептің психологиялық қызмет аясында жүргізілетін аса жауапты да маңызды жұмыстарының бірі болып отыр. Бала үшін болашақ мамандықты таңдау өмірлік жолын дұрыс таңдаумен бірдей. Өкінішке орай, біз, балалардың таңдауының ақылмен емес, біреудің сөзіне ере отырып, немесе ата-анасының ықпалымен «қай жерге оқуға түсу оңай» деген көзқарастармен болып жатқанын байқаймыз. Ақпараттың көптігі де, өзін-өзі танудың әліппесі де, оларды қалай пайдалану керектігін білмегендіктен түкке жарамсыз болып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні жасөспірімдердің өзін-өзі тану арқылы мамандық таңдауда дұрыс бағыт алуы және оған бейімделу мәселесі туындауда. Яғни, мамандық таңдауда оқушыға өз ақыл ойымен, дұрыс шешім қабылдау үшін психолог маманның көмегі керек. Осы мақсатты іске асыру барысында төмендегі негізге сүйеніп құрап отырмыз:

- Мамандықты ақыл таразысына сала отырып таңдау үшін өмір жолына дұрыс бағыт керек. Ал өмір жолын таңдау жеке бастың ерекшеліктеріне, яғни өзін-өзі терең тану арқылы ғана іске асады.

Ата – аналарға түрлі жаттығулар орындату арқылы, өздерінің ішкі жан дүниесін бір бірімен бөлісті.
**Қаулы етілді:** Ата- аналарға психологиялық көмек үнемі көрсетіліп тұрылсын.

**Жиналыс төрағасы:** **Б. Махамбет**
**Хатшысы:** **А. Кыстаубаев**


МАТЕМАТИКА - АҚЫЛ,
ОЙ-ШЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ

